

«Айшуақ тобына» арналған «Дидактикалық ойындар» жоспары
2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы Әдемі гүлдер

Мақматы; Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту

Ойынға қажетті заттар:

1. Екі сурет - әрқайсысында гүл саутының суреті бар. Сауытта жасыл бұтақ салынған. Бұтақтың шеттерінде орташа түсті дөңгелектер (сұр, ақ) жабысқан. 1-сауытта ашық түсті сурет, ал 2 – сауытта қою түсті сурет салынған.
2. Гүлдің бастары түрлі-түсті қағазбен қиылған: көгілдір, көк, күлгін (қою түстер); сары, қызғылт, қызыл (ашық түстер).

Сабақта ойын жаттығуларын өткізу:

Тәрбиеші балаларға гүл сауты бар суреттерді көрсетіп 2 гүл шоғын құруда ұсынады: 1 – ашық түсті гүлдерден, 2 – қою түсті гүлдерден.

Тәрбиеші фланелеграфқа гүлдердің бастарын шашыраңқы түрде орналастырады. Ол жаттығуды орындауға екі немесе төрт баланы шақырады. Балалар керек гүлдерді тауып бұтақтың басына жапсырады және өз гүл шоқтары жайында әңгімелеп береді, мысалы: «Мен қызыл, қызғылт, сары гүл шоғын құрастырдым. Менің гүл шоғым ашық түсті гүлдерден құралған» немесе «Менің гүл шоғым қою түсті гүлдерден – көгілдір, көк және күлгін».

«Әуе шарлары»

Мақсаты:Берілген үлгіге қарап түстерді сәйкестендіріп тандау жолдарымен таныстыру

Ойын барысы:

Тәрбиеші диск қояды. Дискінің үстінгі бөлігінде суреттер жабыстырылған, қалған суреттер тәрбиеші үстелінде. Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Ол үшін екіге бөлінген дөңгелек диск қойған. Жоғары бөлігінде суреттер жабыстырылған (әр-түрлі). Стрелканың бір жағы суретті көрсетсе, екінші жағы бос дөңгелекті көрсетеді. Астыңғы бос дөңгелекке, үстіңгі сурет қай дыбысқа аяқаталады, сол дыбысқа басталатын суреті бос орынға жабыстыру. Тәрбиеші баланы сұрайды. Содан кейін тәрбиеші стрелканы әрі қарай суретке бұрады. Тәрбиеші стрелканы қандай болсын бір суретке бұрады, қандай сурет екенін айтады. Балалар өз суреттеріне қарап, тиісті суреттерді қояды.

«Не қайда тұрады?»

Мақсаты:.

Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту

Ойынға қажетті заттар:

1. Бес футболистің жейделері кесілген екі қалталы қатты қағаз. Бір команда ақ шалбарда, екінші команда қара шалбарда
2. Бес ашық түсті тіктөртбұрыш: ашық қызыл, сары, көгілдір, ашық жасыл, күлгін; бес қою түсті тіктөртбұрыш: қою қызыл, қою көк, қою жасыл, сия көк, қоңыр.

Ойын барысы:

Тәрбиеші екі футболистердің суреті бар қалталы қатты қағазды тақтаға іледі және түрлі-түсті төртбұрыштарды шашып қояды. «Сендердің алдарыңда екі футбол командасы. Сол жақтағы команда «күн», ал оң жақтағы «найзағай». Оларды олай атаудың себебі «күн» командасы үнемі ашық түске, ал «найзағай» үнемі қою түсті киімге киінді. Ендеше ойыншыларды түрлі – түсті жейделер кигізейік. Мына он тіктөртбұрышты екі командаға бөлу керек. Бірінші командаға ашық түстерді, ал екінші командаға қою түстер енуі керек» ,- деп тәрбиеші айтады.

Тәрбиеші балаларды шақырады. Балақай команданы киіндіретіні жайлы сұрайды. Балалар қалташарға төртбұрыштарды салып, оның түстерін айтады: «ашық қызыл, көгілдір», Тәрбиеші: «ашық түс, қою түс» терминдерін қайталап сұрайды.

Осыдан кейін тәрбиеші қалталы қағазды тақтадан шешіп, өзіне қаратып балаларға түстерді көрсетіп, қай команданың ойыншысы екенін сұрайды.

«Суреттерді құрастыр»

Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту

«Заттың түсін анықтаймыз»

Ойынға қажетті заттар:

1. Түстерімен сәйкес келетін екі түрлі өсімдіктің суреті бар кесте: қызанақ, сәбіз, мақ, итмұрын. Әр кестеде бір өсімдік түсімен берілген және жасырын тұр, ал екіншісінің көлемі қиылып артында төртбұрышты түрлі – түсті қағаз салатын қалташасы бар.
2. Төртбұрышты түрлі – түсті қағаздар: қызыл, ашық қызыл, қызғылт, ашық көк, көгілдір, көк, күлгін.

Ойын барысы:

Тәрбиеші балаларға қызанақ пен сәбіздің суреті бар кестені көрсетеді, бірақ қызанақ жасырын тұр. Тәрбиеші сұрайды: «Бұл не?» (Сәбіз), «Сәбіздің түсі қандай?» (Сәбіз қызғылт).

Осыдан соң тәрбиеші екі қызыл және қызғылт түсті тіктөртбұрыш қояды және де бір балаға қызғылт түсті тіктөртбұрышты қалташаға салуды ұсынады. Ол ақ қағаздың артында бір заттың суреті бар екенін айтады. Бұл заттың түсі де қалған тіктөртбұрыштың түсі сияқты. Ол жеміс, гүл немесе көкөніс болуы мүмкін.

Балалар қызыл түсті өсімдіктерді айтады. Олар қызанақты атаған кезде тәрбиеші қағазды көтереді. Енді ол екі өсімдіктің түсін айтқызады (сәбіз қызғылт, ал қызанақ қызыл), осыны естерінде сақтап және де шатастырмауды ұсынады. Осылайша ары – қарай ойын қалған өсімдіктермен жалғасады.

«Жемістерді жина»

Мақсаты:Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту

Ойынға керекті заттар:

1. Көйлектер мен баскиімдері кесілген 7 қызы бар ұзынша қалталы қағаз.
2. Спектрдің барлық түстерімен жасалған 7 төртбұрыш (қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін)
3. Кемпірқосақтың суреті.

Ойын барысы:

Тәрбиеші балалардың алдына тақтаға қыздардың суреті бар қалташаны қояды: «7 апалы – сіңлілер ойнап жүріп аспандағы кемпірқосақты көреді. Олар кемпірқосаққа ұқсағылары келіп, 7 түсті көйлектерін киеді, бірақ оның түстерінің ретін ұмытып қалады. Ал, балалар, сендер білесіңдер ме? Мына тура сондай түсті 7 төртбұрыштан кемпірқосақ құрайды.»

Балалар кезекпен әр қалташаға бір-бірден төртбұрыштар салады. Тәрбиеші көйлектер мен бас киімдер дұрыс қойылғанын сұрайды. Тексеру үшін кемпірқосақтың суретін көрсетеді «1 – қыз қызыл көйлекте, 2 – қыз қызғылт, 3 – қыз сары, т.с.с.»

Тәрбиеші қорытындылығында балалардың біртіндеп қызылдан күлгін түске ауысуын байқайды.

«Үлкен-кіші»

Мақсаты:Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту

Ойынға керекті құралдар: қағаздан қиылып жасалған қуыршақ және ұлттық киімдер.

Ойын барысы:

Тәрбиеші балаларға қазақ халқының ұлттық киімдер суреттерін және қиылып жасалған қуыршақты үлестіріп береді де: «Бүгін біз қонаққа барамыз», деп айтады.

Балалар киімді қай жыл мезгіліне сай кию керек, онда қандай қазақ халқының ою-өрнегі салынған туралы (қошқар мүйіз, ирен су, түйе табан т.б.) айтып, әңгімелейді. Киімнің жеке бөліктерін – жеңі, жағасы, етегі, қалтасы, түймесі, қалыпсырмасы – деп көрсетіп, қазақша қайталайды. Киім –кешектерге байланысты жұмбақтар жасырылады. Қонаққа барғанда өзін қалай білуі жайында, әдет -ғұрып, тиым сөздер айтылады.

«Түсіне қарай таңда»

Мақсаты:Түстер туралы ұғымдарын кеңейту,ойынға қызығушылығын арттыру

Көрнекі құралдар:

Екі баланың бейнесі, әртүрлі киім бейнеленген карточкалар: дәрігердің, медбикенің бас киімі, микрофон, кітап.

Ойын барысы:

Тәрбиеші балаларды суреттерге назар аударуларын сұрайды. Суретте Мадина мен Арман бейнеленген. Олар ойын сауыққа барғалы жатыр. Қандай киім кесе ,балалар хан мен ханшайым, дәрігер мен медбике немесе әншілерге ұқсайды.

«Сипаттамасы бойынша тап»

Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту

Ойынның барысы:

-Балалар, мына суреттерге қараңдаршы, кім бейнеленген? Қыз бала, ұл бала, анасы, әкесі. Енді ойланып көріңдер, мына карточкадағы киімдердің қайсысын кім киеді?

«Түрлі түсті киімдер»

Мақсаты: Балаларға түстердің өзгеруін көрсету арқылы, бір түстен екінші түске көшу және түстер арасындағы байланысқа назар аударту

Барысы:

Қараңдаршы, балалар, мына суреттерге. Әртүрлі мамандықтардың иелері тұр. Сол мамандықтарды атау.

«Таныс пішіндер доминосы»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.

Ойынның барысы:

Балалардың алдында әртүрлі суреттер жатыр. 2-3 минут көрген соң, суреттерді аударып тастайды. Қандай сурет тұрғанын, саяхатқа қандай көлікпен барғанын айтулары керек.

«Әдемі пішіндер» ойыны

Мақсаты: Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету

Ойынға керекті құралдар: 3 жолаққа бөлінген үлкен карта. Жолақшалар төртбұрыш етіп жасалған, онда суреттер; екеуінде киімдер, үшіншісінде – аяқ киім, ыдыстар бар. Барлық суреттер айтылуында қ, ш, ф, л дыбыстары болу қажет. Ал суреттің астында төртбұрыш орын қалдырылған (оған ойнаушы ақша салады). Ақша – ол қ, ш, ф, л дыбыстары бар қағаз карточкалар. Ол әріптер 6 немесе одан да көп болуы тиіс. Мысалы: ф – дыбысы болса, сол дыбысқа баланысты киімдер алуға болады.

Ойын барысы:

Ойынға 4 бала қатысады. Тәрбиеші әр балаға 6 төртбұрыш береді. Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. «Мен сатушы, ал сендер сатып алушылар боласыңдар. Сендер ақшаларыңа 6 зат сатып алуларына болады. Қай әріп тұрса, сол әріпке байланысты аласыңдар. Ақшаларыңды суреттің астындағы төртбұрышқа салыңдар.» Тапсырманы дұрыс орындаса, сол берілген затты алады. Кім бұрын, жылдам сатып алса, сол жеңіске жетеді.

«Суретті тіз»

Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету

Ойынға керекті құралдар:

төртбұрыштан жасалған үй. Әр төртбұрыштың төменгі жағында қалта, онда суреттер салынады. Ең астыңғысында 5 төртбұрыш, одан кейінгіде 4 төртбұрыш, одан кейін 3 төртбұрыш, одан кейін 2 төртбұрыш, әр бөлікте төртбұрыш санына байланысты дыбыстар тұрады. (2 дыбыстан 5 дыбысқа дейін).

Ойын барысы:

Тәрбиеші айтып түсіндіреді: «Мына үйді біз төртбұрыштан құраймыз. Ең үстінде екі дыбыстан құралған сурет. Одан төмен 2, 4, ең соңғысында 5 дыбыстан құралған сурет».

Тәрбиеші атаған бала тапсырманы орындайды. Ең алдымен бала суретті алып, онда неше дыбыс екенін айтады. Мысалы: оны қай қатарға қоятынын айтады. Егер қателессе, онда суретті қайта орнына қояды. Бір қойылған жерге екінші рет суретті қоймайды. Соңынан тәрбиеші қалай құрастырғанын балалардан сұрайды.

«Кім не жейді?»

Мақсаты: Логикалық ойлауды, сөйлеуді,
талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту

Керекті құралдар: қатты қағаздан жасалған паровоз, вагондар.

Сөздік жұмыс: чух-чух, ш-ш-ш, тук-тук, у-у-у.

Ойын тәртібі: Тәрбиеші: Балалар, мен бүгін сендерді саяхатқа алып шығамын. Елдерді, жерлерді, тауларды, нулы ормандарды көріп қыдырып қайтайық. Ендеше бәріміз «пойызға» жайғасайық. (Тәрбиеші-паровоз, балалар-вагондар).

Барлығы әндете:

Түзу жолмен, түзу жолмен,

Адымдаймыз басамыз,

Түзу жолмен, түзу жолмен,

Асулардан асамыз.

- Балалар, «пойыз» жүргенде қалай дыбыстайды?

- Чух-чух

- Пойыз тоқтағанда қалай дыбыстайды?

- ш-ш-ш (дауыстарын бәсеңдете)

- Пойыз тоқтағанда вагондарын қалай тексереді?

- тук-тук

- Пойыз жүргенде қалай дыбыстайды?

- у-у-у

Ойынды 2 рет ойнауға болады.

«Шыршаны безендіреміз»

Түстеріне қарай топтастыруға үйрету

Керекті құралдар: әр түрлі ойыншықтар.

Сөздік жұмыс: ойыншықтар, сындырмай, ұқыпты, таза.

Ойын тәртібі: балалардың қолдарында ойнап жүрген ойыншықтары.

Тәрбиеші: Балалар, барлығымыз шеңер жасап отыра қалайық та кімнің қолында қандай ойыншықтар бар, таныстырып өтейік.

- Аслан, сен қандай ойыншықты жақсы көресің?

- Ал, бүгін неге допты таңдап алдың?

- Дидар, сен не үшін құрастыру ойыншығын ұстап отырсың?

- Құрастыру ойыншығынан нені құрастырғанды жақсы көресің?

Тәрбиеші: Балалар, барлығымыздың қолымызда ойыншықтар ұстап отырмыз.

Ал, енді мұқият қараңдаршы, ойыншықтардың бүтін бе екен, сынған жерлері бар ма екенін тексерейік.

- Дидар, сенің қолыңдағы машинаның бір дөңгелегі жоқ қой?

-Кім сындырды екен?

- Балалар, ойыншықтарды сындыруға бола ма?

Балалар жауаптарын толық бере алмаса, жауапты толық айтқызып үйрету.

Ойын осылай жалғасады.

«Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету

Керекті құралдар: мольберт тақта, қатты қағаздан жасалған дүкендер және сатылатын заттардың суреттері.

Сөздік жұмыс: ыдыс-аяқ дүкені, киім – кешек дүкені, азық – түлік дүкені.

Ойын тәртібі: Мольберт тақтада дүкендердің суреттері ілулі тұрады.

Тәрбиеші: Балалар, мен мына тақтада үш дүкенді іліп қойдым. Бұл дүкендерде біз не заттар сататынын білмейміз.

Бірінші дүкенде – тағамдардың суреті, яғни «азық-түлік» дүкені.

Екінші дүкенде – киімдердің суреті, яғни «киім-кешек» дүкені.

Үшінші дүкенде – ыдыс – аяқ суреті, яғни «ыдыс-аяқ» дүкені.

Ал, енді мына үстелге жақын келіңдер. Бұл үстелдің үстінде көптеген таратпа қағаздар жатыр. Бұл дүкендерде сатылатын заттар. Сендер осы суреттерден бір-бірлеп алып, қай дүкенде сатылатынын тауып қоясыңдар. Алған суреттеріңді айтасыңдар және ол қай дүкенде сатылады.

- Айым, сенің қолыңда қандай сурет бар?

- Менің қолымда қолғаптың суреті бар.

- Қолғап қай дүкенде сатылады?

- Қолғап «киім-кешек» дүкенінде сатылады.

Ойынды осылай жалғастырады.

«Сипатына қарай шешуін тап»

Мақсаты:

Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу

Балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әрқайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларын, аңдарды және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Ойынға керекті құралдар: үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.

Ойын барысы: әр түрлі суреттерді теледидардан көрсетіп шығады. Балалар бірінші суреттен қой, сиыр, ешкі, түйе – үй жануарларын, екінші суреттен аю, қасқыр, түлкі-жабайы аңдарды айтады.

Үшінші суретте қарлығаш, көгершін, тоты құс – құстарды атап шығады.

Жалпы және жеке ұғымдарды бекітіп, оларды қорғау үшін, қамқоршы болу не істейтіндері сұралады.

«Түрлі түсті моншақтарды тізу»

Мақсаты:Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету

1. Қарап ал да, есіңе сақта.
2. Сикырлы дорба.
3. Пойыз.
4. Ойыншықтар.
5. Телефон.
6. Дидактикалық ойын «Қандай»
7. Дидактикалық ойын «жемістердің атауын ата»
8. Дидактикалық ойын: «Бізге кім келгенін айтшы»
9. Енесінен тап.
- 10.Қанатты таңда
- 11.«Қалай біз бақшаға бардық» әңгіме бойынша
- 12.«Кім не істейді?» дидактикалық ойын
- 13.«Шұбар тауық ертегісін айту»
- 14.«Күшік» дидактикалық жаттығу

«Иісі бойынша анықта» ойыны

Мақсаты:Сезім түйсігін, қоршаған ортаға қызығушылығын дамыту

Ойын шарты: Тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, жасыл жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді.

Мысалы: Самат, сағыз, тіс, сиыр, қасық, сабын, тас.

Басқа әріптерге де осылайша жалғастыра беруге болады.

«Гараждар»

Мақсаты:Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету

Ойын шарты: Тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айтуы керек.

Мысалы, тәрбиеші “үлкен” десе, бала “кіші” деп, “биік” десе “аласа” деп жауап береді. Мысалы: үлкен-кіші, жуан-жіңішке, қалың-жұқа.

«Бұлар нелер?»

Мақсаты:Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету

Ойын барысы: Тәрбиеші әріп қалтасынан кез келген бір әріпті көрсетеді.

Балалар сол әріптен басталатын сөздерді айтады.

Сандыққа бірнеше текше салып қояды. Бала өз қолымен біреуін алып сол дыбыстан басталатын заттарды атайды.

Мысалы: А – болса:

Балалар: Ай, алма, алмұрт, асқабақ т.б.

«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»

Мақсаты;Түстер туралы ұғымдарын кеңейту

Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға әр түрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді.

Тәрбиеші балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша, не асықтар үлестіріп отырады. Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді.

«Қане, сөйлесейік» ойыны

Мақсаты: Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып, қуанышты көңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру

Ойын барысы: әр түрлі жемістер немесе көкөністер суреттері, муляждары салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, буынға бөледі.

Мысалы: бала ыдыстан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және т.б. қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да оны сипаттайды, атын атайды.

Жыл мезгілі

Мақсаты:Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу.

Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату

Ойын шарты: Тәрбиеші әріптер жазылған карточкаларды, кубиктерді, плакаттарды, компьютерді көрсете отырып түсіндіреді. Егер бас әріп көрсетілген болса, балалар соның кішісін көрсетуі тиіс. Ал кішісі көрсетілсе, баспа түрінде жазып көрсетеді. Тәрбиеші балаларды топқа бөліп, осылайша ойынды жалғастыра береді. Бұл ойында әріптерді қатесіз, таза жазған балаларды мадақтайды.

«Әркімге өз үйі»

Мақсаты:Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту.Түстерді ажыратуға үйрету

Ойынның барысы балалар екі жаққа тең бөлініп отырады. Бастаушы ортаға шығады. Ол ойынға қатысушылардың кез келгеніне допты лақтырып жібереді де, “жер”, “су”, “ауа” деген үш сөздің біреуін айтады. Егер бастаушы “жер” десе, допты қағып алған бала жерде өсетін өсімдіктің немесе жер бетінде тіршілік ететін аңның атын тез атауы керек. Ал “су” сөзі айтылса, суда мекендейтін тіршілік иелерінің, балықтың аты аталады. “Ауа” дегенде бір құс айтылуы тиіс.

Ойынның шартын бұзған бала – ортаға шығып, жаңылтпаш, жұмбақ, тақпақ айтып беруі керек.

«Әр құсқа өз орны»

Мақсаты:Суда жүзетін,жыртқыш және батпақта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасауКітапты да кемірдім,

Бұтақты да кемірдім,

Мен осындай жемірмін,

Шиық, шиық, шиық.

Секектеймін ыршып та,

Кезікпеймін қырсыққа.

Ұстатпаймын мысыққа,

Түк-түк-түк.

Қане, ортаға

Иланбасаң: шық, шық, шық.

Мысық:

- Мияу, мияу.

Кім, әй, мынау?

“Шиық, шиық” демей,

“Шық, шық” дейді,

Бұл тышқанның өнерін,

Қане, байқап көрейін.

Мысық тышқанды қуа жөнеледі. Тышқан құтылып кете алмаса, ұтылып, өлең, тақпақ айтады.

“Қайда бардым, не көрдім?”

Ойын бастаушы:

- Жазда барып өзеннің,
Жағасына бөгелдім.
Кім айтады, қанеки,
Мен ол жерден не көрдім?

Балалар:

- Су, тас, құм, гүл, тал т.б.

Ойын бастаушы:

- Қыста барып өзеннің,
Жағасына бөгелдім.
Кім айтады, қанеки,
Мен ол жерден не көрдім?

Балалар:

- Қар, мұз, тас, тал т.б.
- Аспан, күн, шырша, қарағай ...

Зерек балалар жеңімпаз атанады. (Бұл ойында “Астана, Алматы, Мәскеу сияқты ірі қалаларға бардым, ол қалалардан мен не көрдім?” – деген сияқты сұрақтарды да қоюға болады.

«Дүкен» ойыны

Мақсаты: Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, затты сипаттамасына орай тануды дамыту

Бір топ бала қол ұстасып, шеңбер жасап тұрады да, үш-төрт бала ортаға шығады. Олар – аралар:

- Баудағы кім?

Баудағы кім?

Ара болсаң ызыңда.

- 3-3-3; 3-3-3.

- Жұмыс істе тығылма!

Аралар бір-бірімен сөйлесе бастайды, қандай жұмыс түрін көрсететінін кеңеседі. “Жұмыс істе тығылма!” – деген сөзді естіген кезде тоқыма тоқығандай, ағаш жарғандай, оны аралағандай қимыл-қозғалыстар жасайды.

«Мені кім шақырды?» ойыны

Мақсаты;Өз құрбы-құрдастарының дауысын тани білуді дамыту

Балалар шеңбер бойына тұрады, бір балаға шеңберден шығуын сұрайды, бірнеше қадам жерде шеңберге арқасымен тұруы тиіс. Тәрбиеші шеңберден шыққан баланы шақыратын баланы таңдайды. Шыққан бала қайта келіп, кім шақырғанын айтуы керек:

- Мені шақырған сен,

Егер бала дұрыс тауып, бірақ есімін ұмытып қалса, шақырған баладан сұрауына болатындығын тәрбиеші айтып ескертеді. Әдетте балалар ең алдымен саусақпен көрсетеді. Сондықтан тәрбиеші қадағалап, толық жауап беруін талап етуі тиіс

«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту

Балалар еденге отырып жүгір деп 3 рет қайталайды. Егер таба қызса ысқырасыңдар. “Балалар табада отыр” деп есептелінеді. Осы кезде балалар тізесімен секіріп орын ауыстырады. Балалар өздері ысқырады да өздері секіреді. Бір-бірімен қақтығысып қалса екі бала бірге секіреді, ойын балалар түгел жабысып болғанша жалғасады.

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту

Музыкамен, мимикамен өнер туындысын жасау. Оған үлкен шыдамдылық, еңбек қажет, асқан шебер үлгілі шығарманы жасау.

1. Жаушы (мимикамен келтір)
2. Композитор (сазгер)
3. Суретші
4. Мүсінші
5. Фотограф

«Кім есінде көп сақтайды?»

Мақсаты:Көзбен көріп есте сақтауын дамыту

Мысалы: 3 бөлік қағаз тақтада тұрады.

Көк – судың белгісі

Қоңыр – жердің белгісі

Ақ – аспан белгісі

Суреттерді жерге шашу балалар өздеріне керегін алады. Бала суда жүзетін балық болады, ол көк, соны көк түске апарып жапсырады.

Қоңыр – гүлдерді жапсырады.

Ақ – жаңбыр, қар, ара т.с.с.

«Бақша да ма,бау да ма?»

Мақсаты:Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру.Олардың айырмашылықтарын түсіндіру

Ойынның барысы: Педагог балаларға “Отан сендерге не сыйлады?” деген сұрақ қояды. Тақтада гүл жапсырулы тұрады, күн шашағы жерде шашылып жатуы керек.

Балалар: Әрбір күн шашағын алып күн айналасына жабыстыр. Отан не сыйлағанын айтып күн маңайына жабыстырады. Балалар бір-бірден тұрып жапсыруы керек.

Отан - өмір

Отан – бейбіт

Отан – табиғат

Отан – асқар тау

Отан – құстар

Отан – таза сый

«Сыпайы болу» жаттығуы

Мақсаты: Ойлауды, сөйлеуді дамыту, ересектерге және құрдастарына сыпайы қатынас жасауға және өтініш білдіруге үйрету

5-6 бала бір-біріне карама-қарсы тұрады, екі жақтың да алты ойыншысы әртүрлі 2 сурет көрсетеді, ол алдындағы оқушыға көрсеткен суретті арқасына қолмен салады, ең алдындағы балаға қағаз, қалам береміз. Ол бала суретті қағазға салу керек.

«Кім қандай, айтып бер» ойыны

Мақсаты: Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуға үйрету

Балаларға қалалардың аты беріледі, сосын жүргізуші “Хат келді” – дейді. Балалар “Қайдан келді?” – дейді. Жүргізуші: “Қарағанды - Алматы” балалар бір-бірінің орнын ауыстырады. Ортадағы бала тез бос қалған орынға тұра қалу керек. Ойын ары қарай жалғасады.

«Түрлі түсті заттар» ойыны

Мақсаты:Түстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету

Ойын барысы:

Үстелде екі балаға бір (карточка) суреттен үлестіріп қойылған. Ал тәрбиешіде қарындаштың суреті салынған карточка.

Тәрбиеші түсіндіреді: «Біз бүгін сөз тізбегін құрамыз. Ол үшін әр түрлі суреттерді тізіп қоямыз. Ең бірінші сурет қарындаштан, келесі сөз аяқталған дыбыстан басталуы керек. Сондай сөзге байланысты суреті бар бара тақтаға шығады да сөзге қатарластырып қояды. Ең соңғы дыбысқа байланысты суреттер қойылады. Егер дыбысқа байланысты сурет екеу болса, қай бала бұрын суретті тапса, сол бұрын қояды.» Фланеграфқа тізіп, барлық суретті қойып болған соң, тәрбиеші қандай дыбысқа басталып, қай дыбыспен аяқталып тұрғанын сұрайды.

«Түрлі түсті» заттар ойыны

Мақсаты: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек) Геометриялық пішіндерді құрастыруды және тустерін ажрата білуді үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Дидактикалық ойын:

«Пішіндерді ажырат»

_ Мынау _ төртбұрыш

_ мынау- үшбұрыш

_ мынау –

дөңгелек

Үлестірмелі материалға назарларын аударады. (**Балалар қарап жауап береді**)

-Кішкентай төртбұрыш түсі қандай? (**Көк**)

-үшбұрыштың түсі қандай? (**қызыл**)

-дөңгелектің түсі қандай? (**сары**)

Енді үйді

саламыз.

Тәрбиеші магнитті тақтанын ортасына пішіндерді қояды

Бұл қандай пішін? (**Төртбұрыш**)

Бұл үйдің қабырғалары

Тәрбиеші уйдің төбесіне үшбұрышты қояды

_ Бұл- қандай пішін? (**Үшбұрыш**)

_ Бұл - уйдің төбесі.